

УДК 331.556(574)

**ЗАМАНАУИ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ МИГРАЦИЯ ПРОЦЕСТЕРІНІҢ НЕГІЗГІ
ТЕНДЕНЦИЯЛАРЫ**

Аширбаева Фарида Мамырқызы

farida.ashirbaeva@mail.ru

Астана қ. Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, әлеуметтік ғылымдар
магистрі

Шетелдік еңбек миграция мағынасы дүниежүзінде болып жатқан әлеуметтік өзгерістердің нәтижесі ретінде дүниежүзінің белгіленген елдері мен аймақтарына халықаралық мигранттардың шоғырлану деректері баяндалады. БҰҰ осы категорияның адамдарының 90% әртүрлі 55 елде мекендейтіндігін көрсетеді. Көші-қон ағымының векторы нашар дамыған елдерден едәуір дамыған елдерге қарай бағытталған. Нәтижесінде көші-қон факторы тұрғылықты халықтың санының 4,6% келімсектер құрайтын елдерге қатты әсер етеді, сондай-ақ дамыған елдерде – 1,6% аспайды. Келімсектердің ең жоғары үлесі Мұхиттарда (17,8%), Солтүстік Америкада (8,6%) және Батыс Европада (6,1%) шоғырланған. Келімсек халықтың үлесінің жоғары дәрежеде шоғырлануы елдегі әлеуметтік қатынастарға, мәдениетке, ұлттық сәйкестікке және саясатқа кері әсерін тигізеді. XXғ. екінші жартысында олардың көші- қонды жете бағаламаушылығы «иммиграциялық экспансияның» кеңеюі мәдени және этникалық әртүрлі қоғамды құрумен аяқтауына әкеліп соқтырады. Сонымен

қатар көші-қон үрдістері әлеуметтік өзгерістердің факторы секілді өзінің халқының бөлігін жоғалтқан елдерге септігін тигізеді[1].

Еңбек миграциясы жаһанданушы әлемнің заңдылықты әлеуметтік-экономикалық және саяси, мәдени құбылысына айналып отыр. Ол әлем елдері арасындағы және ұлттық мемлекеттердің өз ішіндегі әлеуметтік қатынастардың аса маңызды және елеулі ықпалды факторы болып отыр. Халықаралық Еңбек Ұйымының есебі бойынша, қазіргі жағдайда 300 млн. адам көшіп қонушылар қатарында, ал оның 105 млн. өз елінен сыртқы қоғамдық ортадағы айналымда жүр. Оның себебі әлем елдерінің бай және кедей болып бөлініп бөлінуінен. Жұмыссыздық, кедейлік, күнкөріс көзін іздетеді, тіпті қатерлі жағдайлардың болуына қарамастан еңбекке жарамды адамдардың белгілі бір бөлігі көші-қон субъектісіне айналады.

Қазақстан Республикасындағы миграциялық үдерістер әлеуметтік, экономикалық, саяси, этникалық, экологиялық және басқа да факторлардың ықпалында дамып келеді. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарынан бастап көші-қон үдерістерін реттеу мемлекеттік саясаттың маңызды бағыттарының бірі.

Қазақстандағы көші-қон үдерістері соңғы онжылдықтағы тұрақты құбылысқа айналды. Қазақстан Республикасының ресми статистикасы халықтың Қазақстаннан көшіп кетуін сандық көрсеткіштермен көрсетеді. Қазақстан Республикасы ҰЭМ Статистика комитеті жариялаған көрсеткіштер төмендегідей: 2012 жылы елден көшіп кеткен адамдардың саны келушілер санынан асып кеткен, көші-қонның теріс сальдосы сол уақыттан бері өсті. Сонымен қатар, көшіп келушілер ағыны жоғары, бірақ бұл сандар әдетте, елден көшіп кеткендердің санынан әлдеқайда төмен.

2018 жылдың қаңтар-маусым айларында Қазақстаннан 17,17 мың адам көшіп кеткен. 2017 жылдың осы кезеңімен салыстырғанда бұл көрсеткіш 14% артты. Ағымдағы көрсеткіштер 1990 жылдардағы статистикалық көрсеткішке жете алмаса да, миграциялық ағымдардың өзгергендігін көрсетуде. Тәуелсіздік алған жылдардан бастап, Қазақстаннан қоныс аударушылардың ең төмен көрсеткіш 2013 жыл-24,38 мың адам тіркелген. Содан бері елден көшіп кеткендердің саны өсуде, ал 2017 жылы эмигранттар саны 37,73 мыңға жетті. Сонымен қатар, қазақстандық азаматтығын алуды қалайтындардың саны азайып барады. Биылғы жылдың бірінші жартысында Қазақстанға 637 мың адам келді, бұл өткен жылмен салыстырғанда 26,5% аз. Жыл сайын жұмыс іздеп келетін еңбек мигранттарының ең төмен көрсеткіші 2016 жылы тіркелді-13,76 мың адам. 2017 жылы Қазақстанға 15,6 мың адам келді, бұл көрсеткіш 2008 жылғы деңгейден үш есе аз[2].

Қазақстанның сыртқы көші-қон сальдосы (елге көшіп келгендер саны мен одан көшіп кеткендер арасындағы айырмашылық) 2004 жылдан бастап 2011 жылға дейінгі оң үрдісті көрсетті, ал 2012 жылдан бастап теріс өсудің үрдісін көрсетуде.

Зерттеу нәтижесі бойынша, Қазақстан азаматтарының елден кету себептері-табысы жоғары жұмыс іздестіру, жалақысын жоғарлату, сондай-ақ балаларына жақсы білім беру мүмкіндігіне ие болу. Сонымен қатар, жаңа жерде тұруға мүмкіндігі бар адамдар өздері үшін ең жақсы нұсқаны, өмір сүрудің жоғары стандарттарын таңдап, елден сол себепті көшіп кетедіндігін көрсетті.

Шетелге көшіп кетуде халықтың ең үлкен ағымы негізінен Қазақстанның шығыс және солтүстік аймақтарында байқалады. Ағымдағы жылдың бірінші жартыжылдығында Шығыс Қазақстан Облысынан 2450 адам көшіп кетті. Эмигранттардың аз тіркелген Қостанай облысы-2366 адам. Қарағанды (2353), Павлодар (1972) және Солтүстік Қазақстан облыстары (1577) халықтың көшіп кетуімен алғашқы бесінші орынға шықты. Сонымен қатар, басқа елдерден келген қоныс аударушылар негізінен елдің Оңтүстік және Батыс аймақтарында байқалады. Алматы облысына жарты жылға жуық уақыт ішінде 1243 адам келген, ал 515 адам шетелге кетті. Сонымен бірге Маңғыстау облысына 895 адам қоныс аударып, 220 адам

осы аймақтан көшіп кеткен. Көші-қонның оң сальдосы Шымкентте, Түркістан мен Атырау облыстарында байқалады[3].

Бұл көрсеткіш ел өңірлерінің экономикалық қауіпсіздігіне қауіптің бар екендігін көрсетеді. Ең алдымен солтүстік аймақтарына қатысты. Жалпы, халық санының азаюы ұлттық қауіпсіздіктің қатеріне жатады, соның ішінде экономиканы жаңа еңбек ресурстарының бос орындарды алып қою қатері бар. Қазақстаннан көшіп жатқандардың 90% ТМД елдеріне көшеді.

Өзекті мәселенің біріне айналып отырған ұлттық қауіпсіздік мәселесі тағы бар. Мемлекеттің ұлттық қауіпсіздігі елдің ұлттық мүдделерінің нақты және әлуетті қатерлерден қорғалған жағдайында өз құрамына экономикалық, қорғаныс, білім, ақпараттық, т.б. құрамдас бөліктерді біріктіреді. Ашық экономика бағытында дамып келе жатқан Қазақстан Республикасына, осы жағдайларда ұлттық экономикалық мүдделерді қалыптастыру, оны қорғау мен жүзеге асыру қажет. Ұлттық экономикалық мүдделерді жүзеге асыру мен оларды қорғаудың дәстүрлі құралы протекционистік саясат. Әлемдік рыноктағы шиеленісті бәсеке барысында талаптарына сай түрленгендіктен, біздің еліміздің алдында әлемдік тәжірибеге сүйеніп, экономикалық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің мүмкін болатын шаралар жүйесін жасақтау өзекті болып табылады. Себебі, әлемде ғаламдану үрдістері кең құлашын жайып отырған кезеңде, Қазақстан Республикасының экономикалық өсуінің әлемдік экономикалық кеңістікке интеграциялануынсыз өтуі мүмкін емес. Интеграция барысында ел экономикасы оң нәтижелерін, ұтымды тұстарын, қауіпсіздігін жоғалтып алмауы керек. Осы тұрғыдан елдің экономикалық қауіпсіздігін макро, мезо, микродеңгейлерде қамтамасыз ете білу бүгінгі күннің өзекті талабы болып отыр. Экономикалық қауіпсіздікті қамтамасыз ету арқылы ұлттық қауіпсіздікке қол жеткізуге үлес қосылады.

2018 жылдың қаңтар-маусым айларында Қазақстандықтардың көбісі Ресей Федерациясына-1507 мың адамның көшіп кетуі тіркелген. Германия екінші орынды иеленді, 1097 адам немесе жалпы зейнеткерлікке шыққандардың 6,4 пайызы көшіп кетті. Сонымен қатар, Қазақстанның 116 азаматы өз азаматтығын Беларусь Республикасына ауыстырды. Ағымдағы жылдың бірінші жартыжылдығында 74 қазақстандық Қырғыз Республикасына, Канада еліне 66 адам тұрақты тұруға көшті. Ағымдағы жылдың бірінші жартыжылдығында Қазақстан азаматтығын 6368 шетелдік алды. Олардың үштен бірі немесе 2194 адам Өзбекстаннан келген. Осы уақыт аралығында Ресейден Қазақстанға 1853 адам көшіп келген. Үшінші орында Қытай, 6 айдың ішінде 850 адам келді. 2018 жылдың қаңтар-маусым айларында Қазақстанға Қырғызстаннан 277, Түрікменстаннан 200 адам көшіп келді[4].

Миграциялық процестердің ішінде алаңдататыны елден білікті мамандардың кетуі. Қазіргі таңда білікті мамандар Қазақстаннан шетелге көшіп кетуде. Ағымдағы жылдың бірінші жартыжылдығында 15 жастан асқан 13 мың адам шетелге тұрақты тұруға кетіп қалды, оның ішінде 525 мың адам немесе 40% жоғары білімі бар және 419 мың адам немесе 32% - орта кәсіптік білім барлар. 228 мың, немесе 18%, орта мектепті бітіргендер және тек 10% немесе 1,3 мың адам толық емес мектепке дейінгі білімі барлар.

2018 жылдың қаңтар-маусым айларында Қазақстаннан шыққан білікті мамандардың 33,6% техникалық мамандықтардың иелері. Республикадан «техникалық мамандардың» кетуінің себебі Ресейде осы мамандар тапшы. Қазақстаннан 6 ай ішінде кеткен мамандардың 17,7% экономикалық білімі бар, 10,5% педагогикалық және 5,3% медициналық білімі барлар. 2018 жылдың қаңтар-маусым айларында Қазақстанға келгендер 15 жастан асқан 563 мың адамның 113 мыңы немесе 20% ғана жоғары білімі бар. 126 мың адам немесе келгендердің жалпы санының 22% орта кәсіптік білім туралы дипломға ие. Сонымен қатар, Қазақстан Республикасына шетелден келгендердің жартысынан көбі тек мектепте білім алады, оның 177 мыңы-жалпы орта, 1,47 адам негізгі орта білімі барлар[5].

Еңбек көші-қоны жоғары білім беруді бәсекелестік артықшылық ретінде талап ететіндіктен, көшіп-қонушылар арасында білікті мамандар басым. Тұрғылықты жерін ауыстыру туралы шешімді негізінен жұмыс тәжірибесі және қабылдаушы елде талап етілетін біліктілігі бар ересек тұрғындар қабылдайды.

Білікті мамандардың көшіп кету қаупі барлық ел үшін өте маңызды. Бұл, өз кезегінде, жұмыс берушілердің кадрлық саясатына ерекше көңіл бөледі. Сонымен қатар көптеген қазақстандық үміткерлер шетелдік жоғары оқу орындарын таңдайды, онда білім деңгейі жоғары, ал Ресей жағдайында оларға жоғары білім алуға гранттар ғана емес, кейбір жағдайларда жұмысқа кепілдік беріледі, бұл Қазақстан халқының көші-қонына теріс әсер етуде.

Көші-қон айырымы мен көшіп кеткендердің ұлттық және жас құрамына келетін болсақ, 2018 жыл Қазақстандағы көші-қон айырымы (миграциялық сальдо) – 10803 адам болды. 2017 жыл бойынша – 22426 адам. Егер осы жылы кері көрсеткіш сақталатын болса, жыл соңына дейін көші-қон айырымы – 37100 адамға жетуі мүмкін. Мөлшерлеп айтқанда өткен жылы Қазақстаннан 37725 адам көшіп кеткенін есепке алсақ, бұл сан тағы 60000 адамға дейін өсуі мүмкін. Бұл алаңдатарлық сан екені белгілі.

Қазіргі ұлттық экономиканың қуаттылығы өндіргіш күштердің даму деңгейімен ғана анықталмай, бірінші кезекте мемлекеттің сол өндіргіш күштердің немесе ұлттық экономиканың белсенді дамуына жағдай жасап, ұлттық мүдделерді анықтап, оларды қорғау мүмкіндігімен көрінді. Жаһандану үрдісінің ұлттық экономикаға тигізетін оң ықпалын барынша тиімді пайдалану мен оның теріс әсеріне тойтарыс беру мемлекеттің белсенді іс-әрекетімен жүзеге асады. Жаһандану үрдісі күшейген сайын ұлттық қауіпсіздік мәселесі, әсіресе экономикалық қауіпсіздік бағыты ерекше орын алды. Өйткені әлемдік қауымдастықта егеменді ел ретінде әрекет ету мемлекеттің экономикалық қуаттылығы, ал түбінде ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз етуінің бірден-бір көрсеткіші – ұлттық экономикалық даму деңгейі болады. Қазіргі ұлттық кіші – ұлттық экономикалық даму деңгейі болады. Біздің осы айтылған мәселелерден қорытындылайтынымыз, Қазақстан Республикасы мигранттарды қазіргі таңда қабылдайтын донор елдердің біріне айналып отыр. Себебі елдегі тыныш өмір, қаражат табу мүмкіндігінің көп болуы, ұлттар арасындағы діни, мәдени, саяси қақтығыстардың аз болуы мигранттардың Қазақстанға келуін арттыруда.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Миграционные исследования: социологическое измерение // Научные исследования в области этничности, межнациональных отношений и истории национальной политики. Материалы сессии Научного совета РАН по комплексным проблемам этничности и межнациональных отношений, 19 декабря 2017г., г.Москва / под ред. В.А.Тишкова; сост. Б.А. Синанов. – М.: ИЭА РАН, 2018. – 315 с. С. 200-210.
2. https://forbes.kz/process/expertise/iz_kazahstana_uezjayut_luchshie_uezjayut_i_budut_uezjat/
3. <https://kursiv.kz/news/tendencii-i-issledovaniya/2018-08/migraciya-kak-ugroza-ekonomicheskoy-bezopasnosti-pochemu>
4. Григорьева К. С. Добровольное медицинское страхование иностранных трудовых мигрантов в России // Социологическая наука и социальная практика. 2018. № 3. С. 152-164.
5. Задачи и реализация реформ миграционного законодательства: миграционный учет, полномочия регионов, коррупционные риски, доходы бюджетов // Миграционное право. 2018. №2. С. 3-8.